

Ақсу өңірі

Қоғамдық - саяси, әлеуметтік - экономикалық газет

№44 (10 091)

5 қараша

жұма

2021 жыл

aksuoniri@mail.ru

«Саяси қуғын – сүргін құрбандарына» арналған белгітас



Бүгін Сағабүйен ауылында «Саяси қуғын - сүргін құрбандарына» арналған белгітастың ашылу салтанаты болып өтті.

Ашылу рәсіміне аудан әкімі Есім Сейілханұлы, аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбайұлы, сол заманда қуғын - сүргін құрбаны болғандардың ұрпақтары, ауыл азаматтары, БАҚ өкілдері қатысты.

Өткен XX ғасыр қазақ халқының тарихында ауыр да, азапты жылдарымен есте қалды. Халқымыздың басынан өткен ашаршылықпен, қуғын - сүргін ел есінде мәңгі сақталып, өмірімізде өткеннің сызы болып қалды. Бүгінгі ұрпақтары саяси қуғын - сүргін құрбандарын мәңгі есте сақтау үшін және келешек ұрпаққа тарихымызды тасқа жазып қалдыру үшін белгі орнатып отыр.

Тәуелсіздігіміздің 30 жылдық мерейтойы қарсаңында ашылған бұл белгітаста елін,



жерін қорғап, жазықсыз атылған 100 құрбанның есімі жазылған. Демеушілік қолдау көрсеткен Өтеуіл қажы ұрпақтары, басы - қасында жүрген Рамазанов Ерлан Тұрбатырұлы, ауыл өкімшілігі, ауыл азаматтары.

Аудан басшысы сөз сөйлеп, осы игі бастаманы жүзеге асырған Ерлан Рамазановқа жылы лебізін білдіріп, "Алғыс хат" пен сыйлық табыстады. Аудандық Ардагерлер кеңесінің төрағасы Аманкелді Айтбаевта аға буын өкілі ретінде тілегін білдірді.

Шара соңы боздақтарға арналып құран оқылып, жеті шеппек таратылды.

Мағжан ШЫНДӨУЛЕТ.



Сағабүйен ауылында "Қуғын-сүргін құрбандарына" арналған белгітас ашылды.

Мемлекеттік бағдарламаның орындалуы бақылауда

«Nur Otan» партиясы Ақсу аудандық партия филиалы жанындағы Партиялық бақылау комиссиясы отырысында бастауыш партия ұйымында Партия Жарғысының орындалуы, партиялық тәртіпті күшейту және партиялық жарна төлеу мәселелері, Елбасы, Партия Төрағасы Н.Ә.Назарбаевтың 5 әлеуметтік бастамасынан туындайтын «Жоғары білім алудың қолжетімділігі мен сапасын арттырып, студент жастардың жатақханадағы жағдайын жақсарту» барысы туралы Ақсу, Қапал политехникалық колледж директорларының есебі, «Сенім. Диалог. Болашаққа нық қадам. – «Nur Otan» партиясының 7 серпіні» атты бағдарламасының орындалуы аудандық мәслихат жанындағы депутаттық фракция мүшелерінің есебі және Ақсу аудандық азаматтық хал актілерді тіркеу қызметі,



«Атамекен» палатасының Ақсу аудандық филиалының, аудандық кәсіпкерлік бөлімінде «Бизнестің жол картасы - 2025» бағдарламасының жұмыспен қамту мекемесінде «Жұмыспен қамтудың жол картасы» бағдарламасының орындалуы туралы есептері тыңдалды.

Партияның 2021-2025 жылдарға арналған "Өзгеру жолы: Әр азаматқа лайықты өмір!" Сайлауалды бағдарламасының Жол картасының орындалуы туралы

құрылыс, білім, кәсіпкерлік, аурухана, жолаушылар және автомобиль жолдары мекемесінің есебі тыңдалып, ұсынымдар берілді.

Комиссия мүшелері Ақсу политехникалық колледжінің жатақханасында оқушылардың жатын орны, «Көдергісіз келешек» партиялық жобасы аясында елді - мекендердегі әлеуметтік маңызы бар ғимараттарға, Ақсу Электр Өндіру бөлімінің қызмет көрсету сапасын және карантиндік шараларының сақталуына, Жансүгіров ауылындағы Орталық саябағын аббаттандыру жұмысына мониторинг жүргізілді. Тексеріс барысында бірқатар әлеуметтік нысандарға стандарттық талапқа келтіруге ұсыныстар беріліп, түсіндірме жұмыстары жүргізілді.

Қайрат АБДЫРАХМАНОВ, аудандық мәслихат депутаты, ПБК-ның мүшесі.

АҚСУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№45 2 қараша 2021 жыл

Ақсу ауданы бойынша шығып қалған учаскелік комиссия мүшесі туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19 бабының 6 тармағына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерін атқарып жүрген міндеттерінен өз еркімен өтініші бойынша келесі комиссия мүшесі босатылсын:

1) №28 учаскелік сайлау комиссиясындағы Мамуков Талғат Хазезович;

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.БАЙБОЛОВ**

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **Б.НУРЗОЛДИНОВА**

АҚСУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№46 2 қараша 2021 жыл

Ақсу ауданы бойынша шығып қалған комиссия мүшесінің орнына учаскелік сайлау комиссиясының мүшесін тағайындау туралы

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңының 19 бабының 8 тармағына сәйкес, аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ҚАБЫЛДАДЫ:**

1. «Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық Заңына сәйкес, учаскелік сайлау комиссия мүшелерінің орнына сайлау комиссиясының құрамын қалыптастыратын орган осы Конституциялық заңның 10-бабында белгіленген тәртіппен сайлау комиссиясының мүшесін сайлағанға дейін келесі сайлау комиссиясының мүшелері тағайындалсын:

1) №28 учаскелік сайлау комиссиясы бойынша Керімбай Дулат Мәлікұлы.

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы **Б.БАЙБОЛОВ**

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы **Б.НУРЗОЛДИНОВА**

Ауыл тұрғындарына "Egov.kz" порталы тиісіндірілуде

Мемлекет басшысы Қасым – Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың «Жаңа жағдайдағы Қазақстан: іс – қимыл кезеңі» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Халық үніне құлақ асатын мемлекет» тұжырымдамасын іске асыру, цифрландыру мәселелерін айқындап өткен болатын.

Сондай – ақ, тұрақты түрде халықтың цифрлық сауаттылығын арттыру үшін ауыл тұрғындарына насихат жұмыстары жүргізіліп келеді.

Сонымен қатар электрондық форматта «E-GOV» электрондық үкімет порталы арқылы мемлекеттік қызметтерді алу туралы үгіт – насихат материалдары әлеуметтік желілерге жариялануда. Ақсу ауданы әкімдігінің «Ойтоған ауылдық округі әкімі аппараты» мемлекеттік мекемесінде өзіне-өзі қызмет көрсету бұрышы «E-GOV» электрондық үкімет порталы қызмет көрсетеді.

Қазіргі уақытта egov.kz порталындағы виртуалды көмекшінің көмегімен электрондық цифрлық қолтаңбаны алуға және азаматтардың мобильді базасында тіркелуге болады.

Егер портал қызметі бойынша сұрақтар туындайтын болса, қызмет алушы 1414 байланыс орталығына қоңырау шалып, кеңесін ала алады.

Мақсат ҚОСМИЛИАНОВ, Ойтоған ауылдық округ әкімі аппаратының бас маман - іс жүргізушісі, «Nur Otan» партиясының мүшесі.

БАСПАСӨЗ - 2022

АҚСУ ӨНІРІ

ҚОҒАМДЫҚ - САЯСИ ГАЗЕТІНЕ 2022 ЖЫЛҒА ЖАЗЫЛУ БАСТАЛДЫ!

Ауданның тыныс - тіршілігінен құлағдар болғыңыз келсе, аудандық және ауылдық "ҚАЗПОШТА" БАЙЛАНЫС БӨЛІМШЕЛЕРІНЕ БАРЫП ЖАЗЫЛЫҢЫЗДАР!

"Ақсу өңірі" газетіне 1 жылдық жазылу бағасы - 4414 теңге, 80 тиын және жарты жылға - 2207 теңге 40 тиын.

Газет индексі: **65750**

АҚСУ АУДАНДЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫНЫҢ ҚАУЛЫСЫ

№47 3 қазан 2021 жыл

Әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы
«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Конституциялық заңының 113-5-бабына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Кобенбеков Нурғали Бигалиевич, Бекбулатов Сағит Жанғазыұлы, Конуров Куаныш Нурланович Суықсай ауылдық округіне әкімдікке кандидат ретінде тіркелсін.
2. Тіркеу туралы мәліметтерді тиісті куәлік берілсін.
3. Аталған ауылдық округтерге әкімдікке кандидаттарды тіркеу туралы қоса беріліп отырған хабар бұқаралық ақпарат құралдарында және Ақсу аудандық сайлау комиссиясының интернет-парақшасында жариялансын.

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Б.БАЙБОЛОВ

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Б.НУРЗОЛДИНОВА

Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясының 2021 жылғы 3 қарашадағы №47 қаулысына қосымша

ӘКІМДІККЕ КАНДИДАТТЫ ТІРКЕУ ТУРАЛЫ ХАБАР
Суықсай ауылдық округі бойынша келесі кандидат тіркелді:

Кобенбеков Нурғали Бигалиевич	1972 ж.т., зейнеткер, «Қазақстан Халық Партиясы»
Бекбулатов Сағит Жанғазыұлы	1968 ж.т., Жансүгіров ауылдық округі әкімі аппараты, орынбасар, Жансүгіров ауылы Өзін-өзі ұсыну
Конуров Куаныш Нурланович	1985 ж.т Суықсай ауылдық әкімі аппараты, бас маман, Суықсай ауылы Өзін-өзі ұсыну

АҚСУ АУДАНДЫҚ АУМАҚТЫҚ САЙЛАУ КОМИССИЯСЫ.

«Қазақстан Республикасындағы сайлау туралы» Қазақстан Республикасы Заңының 113-5-бабының 9-тармағына сәйкес Ақсу аудандық аумақтық сайлау комиссиясы Суықсай ауылдық округіне әкімдікке кандидаттардың тіркелгені туралы хабарлама жариялайды:

Тегі, аты, әкесінің аты	Туған жылы	Атқаратын лауазымы (жұмысы), жұмыс орны және тұрғылықты жері	Ұсынылу тәсілі
Суықсай ауылдық округі бойынша			
Кобенбеков Нурғали Бигалиевич	10.10.1972 ж.	Зейнеткер, Қапал ауылы, Сәтбаев к-сі 17	«ҚХП» партиясынан
Бекбулатов Сағит Жанғазыұлы	25.07.1968 ж.	Әкім орынбасары, Жансүгіров ауылдық округі әкімі аппараты ММ, Жансүгіров ауылы, Абай к-сі 4/1	Өзін-өзі ұсыну
Конуров Куаныш Нурланович	19.07.1985 ж.	Бас маман, Суықсай ауылдық округі әкімі аппараты ММ, Суықсай ауылы, Омаров к-сі 14	Өзін-өзі ұсыну

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы

Б.БАЙБОЛОВ

Аудандық аумақтық сайлау комиссиясының хатшысы

Б.НУРЗОЛДИНОВА

ПОСТАНОВЛЕНИЕ ИЗБИРАТЕЛЬНОЙ КОМИССИИ АКСУСКОГО РАЙОНА

№47 3 ноября 2021 г.

О регистрации кандидатов в акимы
«О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная территориальная избирательная комиссия **ПОСТАНОВЛЯЕТ:**

1. Зарегистрировать кандидатов в акимы Суықсайского сельского округа Кобенбекова Нурғали Бигалиевича, Бекбулатова Сағита Жанғазыұлы и Конурова Куаныша Нурлановича.
2. Вручить зарегистрированному кандидату в акимы соответствующее удостоверение.
3. Опубликовать в средствах массовой информации и на интернет-странице Аксуской районной избирательной комиссии прилагаемое сообщение о регистрации кандидатов в акимы выше указанных сельских округов.

Председатель районной территориальной избирательной комиссии

Б.БАЙБОЛОВ

Секретарь районной территориальной избирательной комиссии

Б.НУРЗОЛДИНОВА

Приложение к постановлению Аксуской районной территориальной избирательной комиссии от 3 ноября 2021 года №47

СООБЩЕНИЕ О РЕГИСТРАЦИИ КАНДИДАТА В АКИМЫ
Зарегистрирован следующие кандидаты в акимы Суықсайского сельского округа:

Кобенбеков Нурғали Бигалиевич	1972 г.р., пенсионер, с.Капал От партии «НПК»
Бекбулатов Сағит Жанғазыұлы	1968 г.р., ГУ «Аппарат акима Жансугуровского сельского округа, заместитель акима, с.Жансугурова Самовыдвижение
Конуров Куаныш Нурланович	1985 г.р., ГУ «Аппарат акима Суықсайского сельского округа», главный специалист с.Суықсай Самовыдвижение

АКСУСКАЯ РАЙОННАЯ ТЕРРИТОРИАЛЬНАЯ ИЗБИРАТЕЛЬНАЯ КОМИССИЯ.

«О выборах в Республике Казахстан» Аксуская районная территориальная избирательная комиссия публикует сообщение о регистрации кандидатов в акимы Суықсайского сельского округа:

Фамилия, имя, отчество	Год рождения	Занимаемая должность (занятие), место работы и жительства	Способ выдвижения
По Суықсайскому сельскому округу			
Кобенбеков Нурғали Бигалиевич	10.10.1972 г.	Пенсионер, село Капал, ул.Сәтбаева 17	От партии «НПК»
Бекбулатов Сағит Жанғазыұлы	25.07.1968 г.	Зам.акима, ГУ «Аппарат акима Жансугуровского сельского округа», село Жансугурова, ул. Абая 4/2	Самовыдвижение
Конуров Куаныш Нурланович	19.07.1985 г.	Главный специалист ГУ «Аппарат акима Суықсайского сельского округа», С.Суықсай, ул. Омаров 14	Самовыдвижение

Председатель районной территориальной избирательной комиссии

Б.БАЙБОЛОВ

Секретарь районной территориальной избирательной комиссии

Б.НУРЗОЛДИНОВА

1. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

1. Алматы облысының ішкі саясат басқармасы бұқаралық ақпарат құралдарында сыбайлас жемқорлыққа қарсы саясаттың іске асырылу барысын жария етуді жандандыру; Алматы облысының бұқаралық ақпарат құралдарында азаматтардың сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл саласында құқықтық ағарту деңгейін арттыруға, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қоғамдық санын қалыптастыруға, сыбайлас жемқорлықты қабылдамауға бағытталған материалдардың шығуын ынталандыру мақсатында БАҚ өкілдері арасында сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған үздік журналистік жұмыстарға конкурс (бұдан әрі – Конкурс) өткізеді.

2. ҚАТЫСУШЫЛАР

2. Конкурстық комиссия құрамы Алматы облысының ішкі саясат басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Конкурс комиссиясы төраға мен комиссия мүшелерінен құралады. Конкурс комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің, Алматы облысы ішкі саясат басқармасының өкілдері, журналистика ардагерлері, ҰЕҰ өкілдері кіреді.

3. КОНКУРС МАТЕРИАЛДАРЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР:

3. Конкурстық комиссия құрамы Алматы облысының ішкі саясат басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Конкурс комиссиясы төраға мен комиссия мүшелерінен құралады. Конкурс комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің, Алматы облысы ішкі саясат басқармасының өкілдері, журналистика ардагерлері, ҰЕҰ өкілдері кіреді.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мәдениетті қалыптастыруға бағытталған үздік журналистік жұмыстарға БАҚ өкілдері арасындағы облыстық конкурстың ЕРЕЖЕСІ



және автордың толық байланыс деректерін көрсете отырып) ұсынылуы тиіс. Жұмыстың бейне жұмыстары эфирлік анықтамалардың сүйемелдеуімен телевизиялық бағдарламаның көшірмесі түрінде (cd/dvd дискілерінде, flash-тасығыштарда немесе сілтеме арқылы) ұсынылуы тиіс. Электрондық БАҚ журналистеріне жарияланған материалдардың көшірмесін интернет-сайтта орналастырылғанын растай отырып жіберу қажет. Материалдар мемлекеттік және орыс тілдерінде қабылданады. Ұсынылатын материалдарға міндетті түрде: өтінім, журналист туралы қысқаша өмірбаяндық ақпарат қоса берілуі тиіс.

5. Конкурстық комиссия құрамы Алматы облысының ішкі саясат басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Конкурс комиссиясы төраға мен комиссия мүшелерінен құралады. Конкурс комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің, Алматы облысы ішкі саясат басқармасының өкілдері, журналистика ардагерлері, ҰЕҰ өкілдері кіреді.

4. БАЙҚАУДЫ ӨТКІЗУ КЕЗЕҢДЕРІ

7. Байқау комиссиясы өз жұмысының қорытындысы бойынша байқау жеңімпаздарын анықтайды. 8. Конкурс келесідей номинациялар бойынша марапатталады: 1. «Мерзімді баспасөз басылымдары арасындағы сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпқа үздік мақала»; 2. «Ақпараттық агенттікте сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпқа үздік мақала»; 3. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы үздік бейнесюжет»; 4. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы тақырыпқа үздік журналистік зерттеу»; 5. «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызметтің жұмысын өңірлік деңгейде кеңінен жариялауы» (аудандық, қалалық БАҚ, интернет-ресурстар); 6. «Алматы облысы бойынша сыбайлас

жемқорлыққа қарсы қызметтің амбассадоры».

5. КОНКУРСТЫҚ КОМИССИЯ

9. Конкурстық комиссияның құрамы Алматы облысының ішкі саясат басқармасы басшысының бұйрығымен бекітіледі. Конкурс комиссиясы төраға мен комиссия мүшелерінен құралады. Конкурс комиссиясының құрамына Қазақстан Республикасы Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл агенттігінің Алматы облысы бойынша департаментінің, Алматы облысы ішкі саясат басқармасының өкілдері, журналистика ардагерлері, ҰЕҰ өкілдері кіреді.

6. АВТОРЛЫҚ ҚҰҚЫҚ

10. Жұмыстың авторлық құқықтарының сақталуына конкурстық комиссия жауапты болады. Конкурсқа қатысушы жауапты автор байқаудың Ұйымдастыру комитетіне жіберілген материалды коммерциялық емес мақсаттарда (Интернетте, баспа басылымдарында, әлеуметтік желілерде орналастыру) пайдалануға автоматты түрде құқық береді.

7. ҰЙЫМДАСТЫРУШЫМЕН БАЙЛАНЫС

11. Материалдарды байқаудың Ұйымдастыру комитетінің uvp_smi@mail.ru электрондық мекен-жайына жіберу керек немесе Талдықорған қаласы, Балапанов көшесі, 28, №1023-кабинетке хабарласуға болады.

8. БАЙҚАУ ЖЕҢІМПАЗДАРЫН МАРАПАТТАУ

12. Байқау жеңімпаздары дипломдармен, сыйлықтармен марапатталады.

ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВТЫ ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИР

АНЫЗ АДАМ - ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВ

ЕРКІН КҮРЕСТЕН ЖАҚСЫЛЫҚ ҮШКЕМПІРОВТИ
ЕСКЕ АЛУҒА АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ ТУРНИРИ

СПОРТТАҒЫ ЖЕТІСТІКТЕРІ:
Қазақтан шыққан тұңғыш
ОЛИМПИАДА ЧЕМПИОНЫ
Грек Рим күресі Олимпиада ойындары,
Мәскеу 1980 жыл - 48 кг. Алтын
Әлем чемпионаты,
Осло 1981 жыл - 48 кг. Алтын

Нұр-Сұлтан қаласы
2021 жылҚАЗАҚСТАН
ТӘУЕЛСІЗДІГІНЕ

30 ЖЫЛ

Қарқындылық, шапшаңдық, екпін, төзімділік - қазақша күресте жеңіске жетуге қажетті қасиеттер. Дәл осы қасиеттер, әйгілі Жақсылық Үшкемпіровтің грек-рим күресінен Олимпиада чемпионы болуына көмектесті. Мәскеу, 1980 жылы Үшкемпіровтің талантына қарсы тұра алмады. Нұр-Сұлтан қаласындағы Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайында Жақсылық Үшкемпіровті еске алуға және Тәуелсіздіктің 30 жылдығына арналған жасөспірімдер арасында 23 - 25 казанда еркін күрестен Республикалық турнир өтті. Жарысқа еліміздің барлық аймағынан 600-ге жуық спортшы қатысты. Екі күн бойы 6-13 жас аралығындағы жас балуандар боз кілемде белдесті. Жарыс ұлдар арасында 25 салмақта өтті.

Турнирдің салтанатты ашылу рәсіміне Нұр-Сұлтан қаласының Дене шынықтыру және спорт басқармасының басшысы Самат Ерғалиев, Ж.Үшкемпіров атындағы Жекпе-жек сарайының директоры Жандос Үшкемпіров, Олимпиада ойындарының екі дүркін күміс жүлдегері Гюзель Маннурова, еркін күрестен ұлттық құраманың бас бапкері Әсет Серікбаев, еркін күрестен әлем чемпионатының күміс жүлдегері Нұрлан Бекжанов қатысып, болашақ чемпиондарға сәттілік тіледі. Аталмыш жарыс биыл бірінші рет ұйымдастырылды. Міне, спорт саласындағы жарыстардың қатарына енді грек-рим күресінен Қазақстаннан шыққан тұңғыш Олимпиада чемпионы, әлем біріншілігінің жеңімпазы және бірқатар халықаралық жарыста ел намысын абыроймен қорғаған Қазақстанның Еңбек Ері Жақсылық Үшкемпіровті еске алуға арналған халықаралық турнир қосылды.

«Өзімнен кейін күрес түрлерінен қазақтан шыққан Олимпиада чемпионын көріп кетсем, арманым жоқ еді», - деп көзі тірісінде айтып, кейіннен бұл арманын соңынан ерген балуандарға аманаттап кеткен даңқты балуан Жақсылық Үшкемпіров былтыр дүниеден өткен еді.

Жалпы командалық есепте 8 алтын жүлдемен Ақмола облысының жасөспірімдері бірінші орынды жеңіп алды. Екінші орын Алматы облысы. Жетісулықтар еншісінде - 7 алтын. Оның қатарына Облыстық балалар мен жасөспірімдер спорт мектебі, Ақсу аудандық филиалының еркін күрес бөлімінің жаттықтырушысы Азамат Төлеуханов пен Алмас Тұрғанбаевтың шәкірттері үздік өнер көрсете алды. 22 келі салмақ дәрежесінде Төкен Ерхат қарсылас шак келтірмей жүлделі І-ші орынды, ал Дәулетқожа Ерасыл ІІІ-ші орынды өз қанжығасына байлады.

Үздік үштікті 3 алтын жүлдемен Жамбыл облысы қорытындылады. Жарыс жеңімпаздары мен жүлдегерлер кубок, медаль және "Алғыс хаттарымен" марапатталды. Республикалық турнир Нұр-Сұлтан қаласы Дене шынықтыру және спорт басқармасы мен «Qairat Top team» клубының ұйымдастыруымен өтті.

Назым НҰРТАЙҚЫЗЫ.



РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ



Қырау еріп,
Қыс шанасын доғарды.
Думан салып,
Құстар елге оралды.
Тізбектеліп ұшқан аққу тобына,
Ілестіріп жібердім мен жанарды.

Көп қарадым,
Таба алмадым,
Таппадым,
Қанат жайып ұшып бара жатпадың.
Боран ұйтқып,
Бөгеді ме жолыңды,
Алаңдатып кеттің ғой сен, аппағым.

Қызғалдақтар жамыраған өрістен,
Жазға жетіп,
Аман-есен көріскен.
Көбелектен сұрап едім бір хабар,
Ол да мені қуантпады, періштем.

Салқын тартып бара жатыр самал да,
Жабырқаумен жазым бітіп қалар ма?
Елеңдеумен әлі отырмын, зар болып,
Жақсы лепті жалғыз ауыз хабарға.

Көмілмейді көк шалғынға із бекер,
Бозғыл тұман, бозқыраулы күз жетер.
Сол кезде де сен туралы хисса оқып,
Бір қара шал көздің жасын көлдетер.

Сартап болған сағыныш бар өңінде,
Сол қара шал мен болармын тегінде.
Гүлзарымнан көрінбедің, гезәлім,
Өлгенімше қайғы артайын дедің бе?

Көп іздедім,
Таба алмадым,
Таппадым,
Көкжиекке тұман қонды қап-қалың.
Қайнап –қайнап тарқады ма базары,
Жүрегіме мұң құяды бақтағы үн.

Құлдырандап ойнаған құлын мүшен
Кең айдында,
Қым - қуат бұзылды сең.
Шомылдырып сәуірдің ақ самалы,
Білмейсің ғой,
Білмейсің мұңымды сен.

Өмірге – гүл,
Өзекте жырға – дене,
Ерік берді жүрегім мұңға неге?
Білмейсің ғой,
Білмейсің оны, қалқам,
Құстар келіп,
Көк аспан шулады өре.

Иілген жер ақ буын аспанға атты,
Шуда бұлттар шұбалып,
Жас парлатты.
Мұңға баттым,
Серпіліп серги алмай,
Жылы төсек батады тастан қатты.

Тас төсегім батады,
Жата алмаймын,
Қайнап - қайнап сарқылған сақардаймын.
Шешілер ем,
Арамыз жер мен көктей,
Көктен түсіп келуге бата алмаймын.

Сай қосылса бал мінез, сымбат - көрік,
Салмақтаймыз бағасын қымбат беріп.
Мені кетер жұмбақтың шешілгенде,
Менің мұңым қалсыншы жұмбақ болып.


Нәзік жыр

Аттап көп әдемі ізетті,
Ауызға сөз түспей жатқаны-ай...
Қарсыдан қаперсіз қыз өтті,
Сәлемді алды да, тоқтамай.

Махаббат бай жыры – кітапта,
Қалайша қаларсың жаттамай?
Өлең-хат, қу қызға, қипақтап,
Бере алмай, қиналар шақтар-ай!

Шақ қандай, шырқайтын әнді көп,
Нәзіктеу сезімдер , көп жаса!
Болар ма бұл өмір мәндірек,
Гүлдей бір нәзіктік болмаса?

ЖАМАУТАНУ БЕТІ



Түсім –ақ болсын,
Өң емес,
Көрінген сурет – көбі елес.
Мен құлай сүйдім бір жанды,
Амалым қанша, ол сен емес.

Қылықты түнге шөлдеген,
Пенделік қуып көрмеген.
Пәк көңіл, тілсіз жүректі
Басқаға қайтіп теңгерем?

Көңілге қарап,
Сен, дер ем,
Жынды ғой сезім сезбеген.
Өзімді қайтем,
Зәу сайтан
Көз бояушылыққа көнбеген?

Түсім –ақ болсын,
Өң емес,
Сенбейтін және мен емес.
Табылар Мәжнүн,
Алайда,
Ләйлідей қыздар көп емес.

Екеуміз кеттік көріспей,
Мені ойлап, бәлкім, жүдерсің.
Мұңайған сәтте, мені іштей
Есіңе алып жүрерсің?...

Жазыспай кеттік хат та біз,
Жүреміз қанша ұғыспай.
Екеуміз – екі жақтамыз,
Батыс пен Қиыр Шығыстай.

Шығыстан таңдар атқанда,
Батыста ымырт тұрар шын.
Мен сеніп бара жатқанда,
Күлерсің, бәлкім жыларсың.

Дауа не, кеттік келіспей,
Сол күнді ойлап жүдерсің.
Махаббат мұңы беріштей,
Кеудемде жатыр, білерсің...

Азынай соққан ақ дауыл –
Ақ шапан киген қыс демі.
Алдымда менің жатты ауыл,
Көзіңе бейнем түспеді.

Сезімдер шалқып іштегі,
Шама жоқ ірікп ұстарлық.
Дауылдан бетер күшті еді,
Өзіңе деген құштарлық.

Сайланып, міне, тағы мен,
Түтекке бойды батырдым.
Азынай соққан дауылмен,
Алысып келе жатырмын

Бүршік атқан бақ тәрізді,
Жаны нәзік жігіт ем.
Жүрегімде жатқан мұңды,
Қандай отпен жібітем?

Өшірсең де өртін мейлің,
Жүрек – тұтас бір өлем.
Ызғырықтан селкілдеймін,
Желкілдеген құрақ ем.

Айтылған сөз, атылған оқ,
Кезім болар шаршаған?
Өкпелеуге хақым да жоқ,
Мұң шақпасын мен саған.

ҒАШЫҚ КҮЙ

Көшеге, көпке
Сия алмай,
Есімді тұрмын жия алмай.
Көріден, жастан ұялмай,
Қиялдай берем, қиялдай.

Білмеймін қандай күш мұнда,
Қиялмен кеттім ұштым да.
Дүние масаң,
Білмеймін,
Сүйдім бе, әлде, құштым ба?!

Ұшып ем,
Жерге түстім бе...
Білмеймін, кәусар іштім бе?
Теңселіп тұрмын, әйтеуір,
Тербелген әуен үстінде.

Дүние майса,
Мен масаң,
Құшақты жайып елге ашам.
Өмір де мынау - гүлдей бір,
Сөйтсем бе, ғашық болмасам?!



**МЕМЛЕКЕТТІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫ
ЛАУАЗЫМДАРЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Ақсу ауданның білім бөлімі» ММ, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, «Ақсу ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

Бос орын: Көкжайдақ ауылындағы «Алматы облысы Білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Абай атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесіне Шолақөзек бастауыш мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығының директоры

Білім беру ұйымының басшысы лауазымына кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

Шағын жинақты мектептер үшін: тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат; педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы соңғы екі жылда педагогикалық жұмыс өтілі; педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог - шебердің біліктілік санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, педагогикалық өтілі кемінде бес жыл жоғары оқу орындары оқытушыларының қызметкерлерін, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерін, біліктілікті арттыру жүйесін қоспағанда).

Орта білім беру мекемесі басшысының лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес қызметінің барлық түрін басқарады.

ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы	
	теңгеден	теңгеге дейін
A-1-3	170223	174864

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің мерзімі мен орны: конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мезеттен бастап 7 жұмыс күні ішінде келесі мекен-жай бойынша тапсырылу керек.

Мекен-жай: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. білім беруді басқару органының басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;
2. жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3. білімі туралы құжаттың көшірмесі;
4. еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
5. кадрлық есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;
6. ескертпелер мен көтермелеуді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік міндеттеме;
7. біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
8. медициналық куәландырудан өтуі туралы анықтама;
9. соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;
10. сыбайлас жемқорлық сипатында қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы анықтама;
11. тәстілеуден өткені туралы құжат (болған жағдайда);
12. біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (болған жағдайда);
13. білім берудегі менеджмент бойынша жетпіс екі сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайтын құжат;
14. білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері нотариалды немесе жұмыс орнының кадрлық қызметі тарапынан куәландырылады.

Тәстілеуден өту кезеңі үшін қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, сондай-ақ, педагогика және психология негіздері бойынша тәстілеуден және әңгімелесуден өтеді. Тәстілеуден өту үшін 120 сұрақ ұсынылады, шекті деңгейі 50% құрау керек.

Конкурс 4 кезеңде өткізіледі:

- 1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;
 - 2) мектептің Қамқоршылық кеңесімен кандидаттарды келісу;
 - 3) облыстық білім беруді басқару органымен кандидаттарды келісу;
 - 4) білім беруді басқару органының Конкурслық комиссиясының отырысында әңгімелесу;
- Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекен-жайлары: тел.: 8 (7283) 21580, электронды мекен-жай: aksuoo@mail.ru

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ.

**МЕМЛЕКЕТТІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫ ЛАУАЗЫМДАРЫНА
ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Ақсу ауданның білім бөлімі» ММ, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, «Ақсу ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

Бос орын: Ащыбұлақ ауылындағы «Алматы облысы Білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Мәншүк Мәметова атындағы орта мектебі, мектепке дейінгі шағын орталығымен» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің мектеп директоры

Білім беру ұйымының басшысы лауазымына кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

Шағын жинақты мектептер үшін: тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат; педагогикалық жұмыс өтілі үш жылдан кем емес, оның ішінде білім беру ұйымдарындағы соңғы екі жылда педагогикалық жұмыс өтілі; педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының, педагог – сарапшының немесе педагог – зерттеушінің немесе педагог - шебердің біліктілік санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, педагогикалық өтілі кемінде бес жыл жоғары оқу орындары оқытушыларының қызметкерлерін, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерін, біліктілікті арттыру жүйесін қоспағанда).

Орта білім беру мекемесі басшысының лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес қызметінің барлық түрін басқарады.

ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы	
	теңгеден	теңгеге дейін
A-1-3	170223	174864

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің мерзімі мен орны: конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мезеттен бастап 7 жұмыс күні ішінде келесі мекен-жай бойынша тапсырылу керек.

Мекен-жай: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5.

Конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. білім беруді басқару органының басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;
2. жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3. білімі туралы құжаттың көшірмесі;
4. еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
5. кадрлық есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;
6. ескертпелер мен көтермелеуді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік міндеттеме;
7. біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
8. медициналық куәландырудан өтуі туралы анықтама;
9. соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;
10. сыбайлас жемқорлық сипатында қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы анықтама;
11. тәстілеуден өткені туралы құжат (болған жағдайда);
12. біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (болған жағдайда);
13. білім берудегі менеджмент бойынша жетпіс екі сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайтын құжат;
14. білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері нотариалды немесе жұмыс орнының кадрлық қызметі тарапынан куәландырылады.

Тәстілеуден өту кезеңі үшін қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, сондай-ақ, педагогика және психология негіздері бойынша тәстілеуден және әңгімелесуден өтеді. Тәстілеуден өту үшін 120 сұрақ ұсынылады, шекті деңгейі 50% құрау керек.

Конкурс 4 кезеңде өткізіледі:

- 1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;
 - 2) мектептің Қамқоршылық кеңесімен кандидаттарды келісу;
 - 3) облыстық білім беруді басқару органымен кандидаттарды келісу;
 - 4) білім беруді басқару органының Конкурслық комиссиясының отырысында әңгімелесу;
- Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекен-жайлары: тел.: 8 (7283) 21580, электронды мекен-жай: aksuoo@mail.ru

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ.

**МЕМЛЕКЕТТІК ОРТА БІЛІМ БЕРУ МЕКЕМЕЛЕРІНІҢ БАСШЫЛАРЫ
ЛАУАЗЫМДАРЫНА ОРНАЛАСУҒА КОНКУРС ЖАРИЯЛАУ ТУРАЛЫ
ХАБАРЛАНДЫРУ**

«Ақсу ауданның білім бөлімі» ММ, Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, №5, «Ақсу ауданының білім бөлімі» мемлекеттік мекемесі.

Мемлекеттік орта білім беру мекемелерінің басшылары лауазымдарына орналасуға конкурс жариялайды:

Бос орын: Қапал ауылы, Алматы облысы Білім басқармасының Ақсу ауданы бойынша білім бөлімі» мемлекеттік мекемесінің «Есболған Жайсанбаев атындағы орта мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің директоры

Білім беру ұйымының басшысы лауазымына кандидатқа қойылатын біліктілік талаптары:

Бастауыш, негізгі орта, орта, шағын жинақты мектептерді қоспағанда білім беру ұйымдары үшін: тиісті бейін бойынша жоғары (жоғары оқу орнынан кейінгі) педагогикалық немесе өзге де кәсіптік білім немесе педагогикалық қайта даярлауды растайтын құжат; педагогикалық жұмыс өтілі бес жылдан кем емес, бұл ретте соңғы екі жыл үздіксіз педагогикалық жұмыс өтілі, орта білім беру ұйымы басшысының орынбасары лауазымындағы өтілі бір жылдан кем емес; педагогтің бірінші немесе жоғары біліктілік санатының немесе педагог - сарапшының, педагог - зерттеушінің, педагог - шебердің біліктілік санатының болуы (мемлекеттік қызметшілерді, педагогикалық өтілі бес жылдан кем емес жоғары оқу орындары оқытушыларының қызметкерлерін, әдістемелік кабинеттер (орталықтар) әдіскерлерін, біліктілікті арттыру жүйесін қоспағанда).

Орта білім беру мекемесі басшысының лауазымдық міндеттері: Білім беру ұйымының Жарғысына сәйкес қызметінің барлық түрін басқарады.

ЛАУАЗЫМДЫҚ ЖАЛАҚЫ МӨЛШЕРІ:

Санаты	Еңбек сіңірген жылдарына байланысты лауазымдық жалақысы	
	теңгеден	теңгеге дейін
A-1-3	170223	174864

Конкурсқа қатысуға өтінімдерді берудің мерзімі мен орны: конкурсқа қатысу үшін қажетті құжаттар аталмыш хабарландыру жарияланған мезеттен бастап 7 жұмыс күні ішінде келесі мекен-жай бойынша тапсырылу керек.

Мекен-жай: Ақсу ауданы, Жансүгіров ауылы, Желтоқсан көшесі, 5.

Конкурсқа қатысу үшін үшін қажетті құжаттар тізбесі:

1. білім беруді басқару органының басшысының атына тұрғылықты тіркеу орны, нақты тұратын жері, байланыс телефондары көрсетілген конкурсқа қатысуға өтініш;
2. жеке тұлғаны куәландыратын құжаттың көшірмесі;
3. білімі туралы құжаттың көшірмесі;
4. еңбек қызметін растайтын құжаттың көшірмесі;
5. кадрлық есепке алу жөніндегі жеке парақ және фото;
6. ескертпелер мен көтермелеуді көрсете отырып, бұрынғы жұмыс орнынан өндірістік міндеттеме;
7. біліктілік санаты және ғылыми дәрежесі туралы құжаттың көшірмесі (бар болса);
8. медициналық куәландырудан өтуі туралы анықтама;
9. соттылығының жоқ екендігі туралы анықтама;
10. сыбайлас жемқорлық сипатында қылмыс жасағаны туралы мәліметтің болуы не болмауы туралы анықтама;
11. тәстілеуден өткені туралы құжат (болған жағдайда);
12. біліктілікті арттыру, қайта даярлау курстарынан өткені туралы құжат (болған жағдайда);
13. білім берудегі менеджмент бойынша жетпіс екі сағаттан кем емес біліктілікті арттыру курстарынан өткенін растайтын құжат;
14. білім беру ұйымын дамытудың перспективалық жоспары.

Конкурсқа қатысу үшін ұсынылатын құжаттардың көшірмелері нотариалды немесе жұмыс орнының кадрлық қызметі тарапынан куәландырылады.

Тәстілеуден өту кезеңі үшін қойылатын талаптар: Қазақстан Республикасының Конституциясын, Қазақстан Республикасының «Білім туралы» Заңын, «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Қазақстан Республикасының Заңы, Қазақстан Республикасының Еңбек кодексі, сондай-ақ, педагогика және психология негіздері бойынша тәстілеуден және әңгімелесуден өтеді. Тәстілеуден өту үшін 120 сұрақ ұсынылады, шекті деңгейі 50% құрау керек.

Конкурс 4 кезеңде өткізіледі:

- 1) конкурсқа қатысушылардың біліктілігін бағалау;
 - 2) мектептің Қамқоршылық кеңесімен кандидаттарды келісу;
 - 3) облыстық білім беруді басқару органымен кандидаттарды келісу;
 - 4) білім беруді басқару органының Конкурслық комиссиясының отырысында әңгімелесу;
- Ақпаратты нақтылау үшін байланыс телефондары, электрондық мекен-жайлары: тел.: 8 (7283) 21580, электронды мекен-жай: aksuoo@mail.ru

«АҚСУ АУДАНЫНЫҢ БІЛІМ БӨЛІМІ» ММ.

